

«Гаухар-Тас» балабақшасы



Тәрбиеші: Сүйеуова К.

2025-2026 ж

8-наурыз «Ана – тіршіліктің тірегі» атты ертенгілік

✓ Фон музыка: «Мама» М. Садуакасованың әні

1) Армысыздар, аяулы аналар, құрметті ұстаздар, сүйікті бүлдіршіндер!

Бүгінгі асыл да құтты 8-наурыз аналар мен нәзік жандылар қауымының төл мерекесі құтты болсын!

Сіздерге зор денсаулық, жанұяларыңызға көңіл күй мен ақ жарқын өмір тілейміз!

Бүгінгі біздің «Ана – тіршіліктің тірегі» атты ертенгілігімізге қош келдіңіздер!

Сіздердің қошеметтеріңізбен «Жұлдыз» тобын қарсы алайық!

2) Вход (бірінші ұлдар гүлмен кіріп, сосын қыздар)

3) Ана туралы ән «Анашым»

4) Айсауле тақпақ айтып шығады

5) Әлемдегі ең қымбат, ең жылы сөз – бұл Ана.

Ендеше, құрметті аналар, балаларымыздың құттықтау тілектерін қабыл алыңыздар!

Тақпақтар

6) Мерекеге арналған билер,

Көтерілсін көңіл-күйіңіз

Аяулы да қадірлі аналарымызбен би!

Қол соғып демеу берер көрермендер

Сахнада ұлдар аналарымен билейді

7) Аналармен ойын. Шарты: анасы өз баласын дауысынан табу.

8) Келесі кезекті ағылшын әніне берейік

9) Алу – Ана өмірдің асылдары

Жайнасын көңілімнің жасыл бағы.

Сіздер үшін ән мен жыр шашамыз,

Сіздер үшін мереке шашулары бізден.

Осылайша, келесі кезекті балалардың биіне берейік, қабыл алыңыздар!

10) Ал кәнекей балалар,

Ойнайық та күлейік,

Кәне енді бұрылып,

Би билеуге тұрайық!

Балалардың «Бим-бом» биі, қабыл алыңыздар!

11) Балалармен ойын («Кім жылдам» деген ойын)

12) Келесі кезекте көрініс, «Дискотека»

13) «Анашым» деген ән – хор

Ал енді балалар аналарымызға өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын табыстайды

Құрметті қонақтар, бүгінгі біздің

«Ана – тіршіліктің тірегі» атты ертеңгілігіміз осымен аяқталды.

Көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп-көп рақмет!

Келесі кездескенше сау-саламатта болыңыздар!



Аналарды сүйеміз

Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым

Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегінді ақтаймын
Аман болшы анашым

Менің әжем, бұл әже
Айтқан сөзі дәл әжем
Аман болса көреді
Қызығымды әлі әже

Бәріңіз де анасың
Біз үшін күн боп жансың
Құтты болсын мейрамың
Құттықтаймын анашым

Сөзін ойға түйеміз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бәсіміз

Бөбегіңнің сыйлығын
Қабыл алшы анашым
Ұзақ өмір жүз жасап
Ауырмашы анашым

Жанымызды жайнатқан
Сіздер ғой ол аналар
Зор денсаулық мол бақыт
Тілейміз біз балалар

Аппақ мамам, ақ мамам
«Ақ мамам» деп мақтанам
Түн ұйқыңды төрт болып
«Бөпешім» деп жатпаған

Жарқын жүзді жан анам
сендей болсын бар адам
сендей болса бар адам
шаттық кетпес баладан

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған,
Анашым деп мақтанам,
айналайын ақ анам!

Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз
Той күні бір-бірден
Аналарға сыйлаймыз.

Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

Шашымды өріп тараған
Қабағыма қараған

Үлкен кіші демейді
Сыйлайды оны бар адам

Подпишу открытку маме
Нарисую в ней цветы
Назову ее сегодня
Королевой красоты

Анам анам ақ анам

Мен өзінде ақ балаң
Айтқан тіліңді аламын
Шақырғанда барамын.

Той пердесін ашайық
Тойға шашу шашайық
Аналарды құрметтеп

Ән маржан ашайық

Әжем, әжем, ақ әжем

Айналайын ақ әжем
Тентек болсам кешірген
Ауырмашы ай әжем

